

**«Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1 сәуіріне мемлекеттік
қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі**

1. Жалпы ережелер.

1. «Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – орталық) Панфилов ауданының аумағында халықты жұмыспен қамту саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Орталық өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі №17. байланыс тел. номері: 8(72831)5-30-73

**2. 2018 жылдың 1 сәуіріне көрсетілген
мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:**

Орталық жалпы 5 түрлі қызмет көрсетеді. Көрсетілген қызметтер саны барлығы – 1764, оның ішінде:

- «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру» бойынша – 439 қызмет;
- «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» бойынша - 603;
- «Жұмыссыз ретінде жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» бойынша - 378;
- «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» - 344;
- «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» - 0.

3. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1 сәуіріне көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

**«Панфилов ауданы әкімдігінің
халықты жұмыспен қамту
орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі директоры**



Қ.Аширжанов